

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
Ш. Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ  
ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ**

**ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ.  
ЭНЦИКЛОПЕДИЯ**

**1 ТОМ**

**АЛМАТЫ, 2019**

**ӘОЖ 94 (574) (031)**  
**ББК 63. 3 (5Қаз) я 2**  
**Қ 18**

**«ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ. ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ» БАСЫЛЫМЫН ӘЗІРЛЕУ  
БАҒДАРЛАМАЛЫҚ-НЫСАНАЛЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖОБАСЫ БОЙЫНША  
(ЖТН: BR 05236643-ОТ-18)  
ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ**

**ШКІР ЖАЗҒАНДАР:**

А.С. Тасболатов, Қ.Т. Жұмағұлов, Д.Қ. Қыдырәлі

**ЖОБАНЫ ОРЫНДАУШЫ ТОП:**

Д.М. Абдраханов, Қ.С. Алдажұманов, А.Д. Арпова, Қ.С. Ахметжан, М. Әбілсейіт,  
Н. Әлімбаев, Д.С. Байғунаков, З.Б. Байжұманова, Б. Бопай, Б.Б. Бұрханов, Ә. Дәулетхан,  
Ә.Б. Дербісәлі, Р.Ж. Жанұзақ, Б.Т. Жұбаньшов, А.Ә. Жүнісбаев, Н.Ә. Икрам,  
М.К. Кәрімов, Б.Е. Көмеков, А.Д. Күнікеев, З.Е. Қабылдинов (бас ред.), А.Қ. Қадиров,  
А.Н. Қали, Б.О. Қойшибаев, О.М. Қоныратбаев, С.С. Қорабай, А.Ж. Құдабаев,  
А.И. Құдайбергенова, А.С. Марғұлан, А.Ш. Махаева, М.Т. Морякова, С.Ғ. Мұстапаева,  
А.Қ. Нұрманова, Р.Е. Оразов, Ә.Н. Отар, Ж. Ошан, С.К. Рүстемов (жоба жетекшісі),  
Г.Е. Сабденова, С.С. Сайфулмаликова, М.Н. Сдыков, С.М. Сыздықов, М.А. Тажмуратов  
(М. Тәж-Мұрат), С.Т. Тоқболат, З.М. Төленова (жауапты ред.), Х.М. Тұрсын,  
А.С. Уалтаева, Н.Н. Уразмағамбетов, Т.Қ. Шаңбай, Ә.Қ. Шашаев, С.Қ. Шілдебай

**Қ 18 ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ. ЭНЦИКЛОПЕДИЯ / ЖАЛПЫ РЕДАКЦИЯСЫН БАСҚАРҒАН  
ҚАБЫЛДИНОВ З.Е. – АЛМАТЫ: «ЛИТЕРА-М» ЖШС, 2019. – 848 б., (ИЛЛЮСТРАЦИЯЛАНҒАН).**

ISBN 978-601-80636-4-0  
1-том: А – Ж – 848 бет.

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, 2019  
© «Литера-М» ЖШС, 2019

электр ст-сы іске қосылды. 1993 ж. 4 мамырда ҚР Ж. К. Президиумының Қаулысымен А. деп аталды. А. қ-нда әлемдегі ірі ферроқорытпа з-ттарының бірі орналасқан. Қ-ның әрбір бесінші тұрғыны осында жұмыс істейді. А. қ. 2011 ж. өзінің 50 жылдық мерейтойын атап өтті. Қала құрайтын кәсіпорындардағы дамыту бағдарламасын жүзеге асыру өндірісті одан ары қарай жаңартуға, техн. жабдықтауға және жаңа инновациялық технологияларды енгізуге бағытталған.

Әдеб.: Население малых городов Казахстана. – Алматы, 2011; Уалтаева А.С. Малые города Казахстана: информационно-исторический аспект. I т. - Алматы, 2014.

А. Уалтаева

**АҚСУАТ ҚОНЫСЫ** – қола дәуірінің қонысы. Қостанай обл. Ақсуат а. маңындағы Ақсуат к. жағасында орналасқан. 1945 ж. М. Ломоносов атынд. ММУ зоол. экспед. отряды (жетек. А. Чельцов, К. Ходашева) тауып, ішінара зерттеген. Далалық жұмыстар барысында қола жүзік, мыс кентасының кесегі, қапсырмалар, қыш ыдыстарының сынықтары теріліп алынған. Табылған материалдарға қарағанда А. қонысын қола дәуірінде өмір сүрген тайпалар мекендеген. Олар мал ш-мен, егіншілікпен және аң аулаумен айналысқан.

Әдеб.: Формозов А.А. Памятники древности Наурзумского заповедника // Вестник Казахстанского филиала АН СССР. 1946.

Д. Байсунаков

**АҚСУАТ ҚОРҒАНДАРЫ** – ерте темір дәуіріне жататын ескерткіштер. А.қ. негізінен ақсүйектер жерленген 5 қорымның шартты атауы. Шығ. Қазақстан обл. Тарбағатай ауд. Ақсуат а-нан оңт., оңт.-бат. және бат. жерлерде орналасқан Қабдеке, Қараоба, Төртоба, Қырықоба, Шыбынды қорымдары. Зерттеушілердің есептеуінше бұл өңірден әзірге 200-ден астам обалар анықталған. Алғаш рет 20 ғ. соңында және 21 ғ. бас кезінде әл-Фараби атынд. ҚазҰУ археол. экспед. (жетек. Ә. Төлеубаев, Ф. Омаров), одан кейін шамамен 2006-07 ж. С. Аманжолов ат. ШҚМУ археол. отряды (жетек. О. Сапашов) зерттеу жүргізген. 2010 ж. қазақ-неміс археол. экспед. (жетек. А. Наглер, З. Самашев) зерттеген. Бұл экспед. мүшелері бес қорымды шартты түрде былай жүйелеген: Қабдеке – Ақсуат-1, Қараоба – Ақсуат-2, Төртоба – Ақсуат-3, Қырықоба – Ақсуат-4, Шыбынды – Ақсуат-5. Қазақ-неміс археол. экспед. мүшелері 24 обадан тұратын Ақсуат-1 қорымының 4 обасын қазған. Қорымдағы қорғандар оңт.-бат., солт.-шығ. бағыттарына қарай созылып жатыр. Ең үлкен қорған диаметрі 120-105 м, биікт. 5 м шамасында. Қорымдағы 7 қорған сыртқы құрылысына қарағанда ақсүйектерге, бақуатты адамдарға тиесілі, ал қалғандары қатардағы қауым мүшелерінің молалары болып табылады. Қазба барысында аршылған 4 А, 4-ші, 7-нші және 8-нші қорғандардан ерте көшпенділердің заттай мәдениетінен, рухани әлемінен ақпарат беретін материалдар шыққан. Олардың арасында мал сүйектері, адам қаңқасының бөліктері, жебе сынықтары, белдік жапсырмалары, сүйектен және алтыннан жасалған әшекейлер алынған. 8-нші қорғанның сыртқы, жер үстіндегі үйіндісі сактар мәдениетіне, ал жер астындағы катакомбалы құрылысы ғұн мәдениетіне жақын келеді. Қорған сақ-ғұн жерлеу рәсімдеріндегі сабақтастықты аңғарады. Ақсуат-1 қорымындағы қорғандар, кабірлер құрылысы, ағаш

конструкциялары, соның ішінде ағаш жаппасы және өзге де материалдар ескерткіштерді *Құлажорға мәдениетіне* жатқызуға мүмкіндік береді.

Әдеб.: Омаров Ф.Қ., Жұматаев Р.С. Алтай мен Тарбағатай көшпелі мәдениетіндегі кейбір ортақтастықтар мен ерекшеліктер // ҚазҰУ Хабаршысы. – 2008. – № 4.; Самашев З., Наглер А., т.б. Ақсуат қорғандары (неміс-қазақ зерттеулерінің алғашқы қорытындылары) // Кадырбаевские чтения – 2010. Материалы II Международной конференции. – Ақтобе, 2010.

Б. Бесетаев, Д. Байсунаков

**АҚСУАТ ТҰРАҒЫ** – палеометалл дәуірінің тұрағы. Қостанай обл. Ақсуат а. маңындағы Ақсуат к. жағасында орналасқан. 1945 ж. М. Ломоносов атынд. ММУ зоол. экспед. (жетек. С.В. Покровский, А.Н. Формозов) тапқан. Далалық зерт. барысында пышақ тәрізді тас тіліктері, бүйірлі қырғыштар, жапырақ тәрізді жебе ұштары, тескіштер, ұсақ қыстырғыш тастар, өзектас, қыш ыдыстарының сынықтары, қола бұйымдар бөліктері теріліп жинастырылған. Қыш ыдыстарының өрнектері ойық, тарақ пішінді. Табылған заттар бойынша тұрақ энеолит дәуіріне жатқызылған. А.Т. мамандар б.з.б. 3-2 мыңжылдықтармен мерзімдейді.

Ә. Шауаев

**АҚСУ-АЮЛЫ КЕШЕНІ** – қола дәуірінің қорымы. Қарағанды обл. Шет ауд. Ақсу-Аюлы к-інен солт-ке қарай 3 км жерде. 1952 ж. Орт. Қазақстан археол. экспед. (жетек. Ә. Марғұлан) зерттеген. Акад. Ә. Марғұланның пайымдауынша, қорым 36 моладан тұрады, олардың 24-і *андонов мәдени-тарихи* қауымдастығына жатса, қалған 12-сі өтпелі кезеңмен мерзімделінеді. Бастапқыда белгілі болған қорымдағы 12 оба бір типті, тек обалардың көл. әртүрлі, обалардың негіздемесінде қырынан қойылған ірі гранит тақтатастардан тұратын дөңгелек қоршаулар бар. Археол. зерт. жұмыстары 3 обада жүргізілген. 1-ші оба көл. 7x7 м, оның негіздемесінде қырынан қаланған тікбұрышты гранит тақтатастармен көтерілген шаршы пішінді қос қоршауы бар. Ішкі қоршаудың орталық бөлігінде бат-тан шығ-қа қарай созылған үлкен гранит жәшік (2,3x1,7 м) орналасқан. Қабір тоналған, ешқандай заттай мәдениет қалдықтары табылмаған. 2-ші оба шар пішінді топырақ үйіндісі. Диаметрі 17,5 м. Орта тұсындағы үйінді астынан шаршы пішінді ірі гранит тақтатастардан қаланған әлемнің төрт тарапына бағытталған қоршау анықталған. Қоршаудың бат-тан шығ-қа қарай ұз. 10 м, солт-тен оңт-ке қарай ұз. 9 м. 0,6 м тереңдіктен тікбұрышты пішінді тақтатастардан тігінен қаланған ішкі қоршау аршылған. Қоршау тікбұрышты, оңт-тен солт-ке қарай бағытталған, ауд. 4,8x3,6 м. Орта тұсынан бат-тан шығ-қа қарай бағытталған екі тас жәшік аршылған. Солт. жақтағы жәшік ауд. 1,6x0,78 м. Одан адам сүйектері, қыш ыдыс сынықтары (*бегазы-дәндібай мәдениеті*) аршып алынған. Оңт. жәшіктің солт. және оңт. қабырғаларының ұз. 2,15 м, ал бат. қабырғасы 1,05 м болса, шығ. қабырғасы 0,96 м. Жәшік түбінен күйген ағаш және сүйек қалдықтары, ою-өрнексіз қыш ыдыс бөліктері, екі тас жонғы табылған. Кешендегі ең үлкені – 3-ші оба. Ол диаметрі 30 м, биікт. 1,8 м сфера пішінді үйінді. Айналасы қырынан қойылған үлкен тақтатастармен (тек 18-і ғана сақталған) бекітілген.